**Бекітемін:**
**«ЕрТөстік» бөбекжайының**
**Әдіскері: Нуржанова.Ж**

**Топ:** «Өркен» ерте жас
**Балалардың жасы:** 1 жастан
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 19.02 - 23.02.2024ж.
**Ақпан айы** 3-апта
**Педагогтың аты-жөні:** Рахметова.Ұ. Қоғабаева.А

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| Апта күндері | *Дүйсенбі* *19.02.2024* | *Сейсенбі* *20.02.2024* | *Сәрсенбі* *21.02.2024* | *Бейсенбі* *22.02.2024* | *Жұма* *23.02.2024* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу: "1-2 жасар бала үшін шынықтыру шараларын таңдау ерекшеліктері", "1-2 жасар баланың физиологиялық ерекшеліктері", "Мектеп жасына дейінгі балаларға қандай киімді кигізу керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сусепкішті | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, үйкелеп жууын қадағалау; өз орамалын тауып, | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ | **"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстап, суару амалына үйрету. | қолын сүртіп, орнына ілуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау. | ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау. | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).**<br>1. Б.қ .: Отыру, аяқтар бірге, доп екі қолда, қолдар төменде. Қолдарымызды жоғары көтеріп, допқа қарау, қолдарымызды төмен түсіреміз (4-6 рет).<br>2. Б.қ.: Тұрып, доп екі қолда, қол төменде. Отырып, допты еденге аздап ұру, түзеліп тұру (4-6 рет).<br>Педагог жаттығуды балалармен бірге орындайды, балалардың еңкеймей, отыруларын қадағалайды.<br>3.Б.қ.: Отыру, аяқтар бірге, допты екі қолмен ұстау, тізеде.<br>Бір жаққа бұрылыңыз, допты еденге тигіземіз, түзу тұрамыз.<br>Басқа бағытта да солай жасаймыз (әр бағытта 3-4 рет).<br>4. Б.қ.: Тұрып, доп еденде. Педагог допты еденге соғып, балалардың назарын доптың қаншалықты оңай секіретіндігіне аударады және бәрін осылайша секіруге шақырады (15-20 с). Сабырлы жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Көркем сөз.<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Қуаныш шеңбері.**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу.<br>- Қайырлы таң, көздерім (Қабақты сипау)<br>- Сендер ояндыңдар ма? (Үлкен және сұқ саусақтан "дүрбі" жасау)<br>- Қайырлы таң құлағым! (Алақанмен құлақты сипау)<br>- Сендер ояндыңдар ма? (Саусақтарды кең ашып, құлаққа тигізу)<br>- Қайырлы таң, қолдарым! (Екі қолды кезек-кезек сипау)<br>- Сендер ояндыңдар ма? (Қол шапалақтау)<br>- Қайырлы таң, күн! (Қолды жоғары созу)<br>- Мен ояндым! (Басты жоғары көтеру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Мүсіндеу** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Музыка** | **Дене шынықтыру**<br>**Көркем әдебиет** | **Сенсорика** | **Дене шынықтыру**<br>**Қоршаған орта** |
| | **Дене шынықтыру**<br>"Қоянға шынығуға көмектесейік"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың гимнастикалық қабырғаға көтеріле білуін, массаж жолдарымен жүру | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Аю, тұр! Ояншы!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға аюдың көктемгі тіршілігі туралы түсінік беру; балаларды тақпақ жаттату барысында байланыстыра | **Дене шынықтыру**<br>"Бауырсақтың Денсаулық әлеміне саяхаты"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды допты кішкене биіктен домалатуға үйрету; допты алға, жоғары | **Сенсорика**<br>"Қуыршақ Дананың киімі".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың сенсорикалық сипаттарын, түсі мен көлемін, пішінін салыстыра және | **Дене шынықтыру**<br>"Қоян Айболитке қонаққа келді"<br>Мақсат-міндеттер. Заттардың үстінен аттап жүру қабілетін бекіту, орындықта жүргенде тепе-теңдікті дамыту; алға қарай алақан мен тізеде жүру, құрсаудың астымен жүру қабілеттерін бекіту.<br>**Қоршаған орта** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін бекіту; тепе-теңдік сезімін дамыту, белгілі бір бағытта жүгіруді жүзеге асыру, сигналға жауап беру қабілеті; мақсатқа жету барысында қиындықтарды жеңуге үйрету; балаларды ойын сюжетімен таныстыру үшін ертегі кейіпкерін пайдалану; балаларды өз денсаулығын күтуге дағдыландыру.<br>**Мүсіндеу**<br>"Шуақты күн"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды "шуақ" сөзімен таныстыру, ермексазды қолдың түзу қозғалысымен есуді үйретуді жалғастыру, ұсақ қол маторикасын дамыту, өз еңбегіне қуана білу. | сөйлеуге үйрету; жаңа сөз атауларын айтуға дағдыландыру; көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың тақпақ жаттату арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен зеректігін дамыту.<br>**Музыка**<br>«Бір үйде біз нешеуміз?»<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңбер бойымен қозғалуға үйретуді жалғастыру. Балалардың есту тәжірибесін әр түрлі биіктік пен тембрлік дыбыстармен байыту. Балаларды шеңбер бойымен қозғала отырып, заттармен қарапайым қимылдарды орындауға үйрету. | лақтыру және екі қолмен ұстау қабілеттерін бекіту; жүру және жүгіру, көлбеу тақтайдан жоғары және төмен жүру, «жыланша», еркін жүру («солдат», «тышқан», «ит», «құс», «аю» және басқалар) дағдыларын бекіту; қолында затты ұстап жүру (доптар).<br>**Көркем әдебиет**<br>"Ескермес Ескендіровтың "Пошташы" өлеңі"<br>Мақсат-міндеттер. Көшеде және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелері туралы түсініктерін кеңейту; ойыншықтарды бірге пайдалануға деген құштарлығын ояту; Сөздік қорларын толықтырып, | ажырата алу қабілеттеріне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеті мен сапасы туралы білімдерін әртүрлі іс-әрекеттерде қолдануға дағдыландыру; қоршаған заттардың сенсорлық сипаты туралы түсінік беру. | "Біздің деніміз сау"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда салауатты өмір салты туралы түсінік қалыптастыру, пайдалы өнімдер, спортпен шұғылдану, мәдени-гигиеналық дағдылар және күнделікті өмір туралы білімдерін бекіту; балалардың сөйлеуін дамыту, толық жауаптармен жауап беруге үйрету, логикалық ойлауды дамыту; денсаулықты күтуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балаларды ән айтқанда қимылмен үйлестіруге, қимыл-қозғалыс кезінде музыканың сипатын жеткізу қабілетін дамыту. Балаларға таныс би қимылдарын қолдануға және оларды әуенмен орындауға үйрету. | тілдерін дамыту, өздігінен ойын атрибуттарын таңдай білуге үйрету. | | |
| **2- таңғы ас** | Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы түсініктер беру, күннің жылынуына, құстардың қайтып келуіне назар | **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту.<br>- Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл - жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аудару; кардың еріп жатканына, адамдардың жеңіл киім киінгенін байқату; ойлау кабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>- Балалар, караңдаршы!<br>- Айналада кар еріп жатыр, күн жылыды.<br>- Адамдар жылы киімдерін тастады.<br>- Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап.<br>- Көктем, көктем,<br>Құстар көкке.<br>Ұшты жан-жаққа<br>Қонды бұтаққа.<br>Д. Ахметова | әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Аюдың орманында" кимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып калмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен сендерге | шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.<br>Жарайсыңдар! | Жұлдыздар мекені.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар". | | |
| **Серуеннен оралу** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Дастарханның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай ...<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".**<br>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.<br>**"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.**<br>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудартү; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | **"Әр құстың өз орыны** | **Сөйлеуді** | **Саусақ жаттығуы.** | **«Тоқылдақ» саусақ** | **«Қауырсынды аулау» жаттығуы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті**<br>**(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **бар" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртқыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Барысы. Педагог кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға ұсыныс білдіреді. Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды. Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Құстар, келіңдер!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құстар туралы мағлұмат беру, құс атауларымен таныстыру, оларды дұрыс атауға үйрету; құстар туралы білімдерін нығайту, балалардың есте сақтау, ойлау, сөздік қорларын, зейіндерін, шатастырып алмау қабілеттерін дамыту; құстарға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. | **"Тамшылар".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен қимылдарды ойдағыдай жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың еригені туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Педагог балаларға қардың ерігенін байқатады, үлгіні көрсеткеннен кейін, балаларға қайталатады.<br>Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау) | **жаттығуы**<br>Тақылдатып, мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Тоқ-тоқ-тоқ,<br>Ормандарды емдейді, зиянкесті тазалар.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Құрал-жабдықтар: қауырсындар.<br>Мақсат-міндеттер. Тәрбиеші қауырсынды алып, оны биікке ұшып кететіндей етіп үрлейді және баланы оны ұстап алуға шақырады.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу)** | | Таратып мың шуақты.<br>Аппақ қарды ерітіп,<br>(саусақтарды ашып-жұму, толқындар жасау)<br>Ағызып мың бұлақты.<br><br>Тамшыланып ағады,<br>(саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау)<br>"Там-там-там" – деп соғады,<br>Шатырдан жерге түсіп,<br>Шалшық бетін қағады.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Құстарға жем".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемдерді илеу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | **"Қандай аңға не бересің?" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың аңдар ойыншықтарын атауға, олардың | **"Күндер".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексаздан кесектерді үзіп жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу | **"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды | **"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әрқайсысына қандай затты (коректі) беретінін айтуға ынталандыру, дағдыландарыру; әлеуметтік катынастар негіздерін салу, тілін, эмоциялық құбылыстарды дамыту.<br>Құралдар: аңдар ойыншықтары (резинадан, пластиктен жасалған), жеміс пен көкөністердің, өзге ұсақ заттардың нақпішіндері.<br>- Балалар, бізге қандай аңдар келді?<br>- Қандай аңға не бересіңдер?<br>Балалар коянға - сәбіз, түлкіге - кәмпит, қасқырға - бауырсақ, - тиінге - саңырауқұлақ беретіні туралы | амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | орындауға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>1. Сылдырмақ еденде жатыр. Аяқты табанға қою.<br>2. Екі жаққа бұрылып, жартылай отырып-тұру.<br>3. Қол шапалақтау.<br>4. Екі аяқпен секіру.<br>5. Айналу.<br>6. Сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлату.<br>7. Сылдырмақпен билеу.<br>Жаттығу соңында әуен ырғағымен сылдырмақтарды себетке салуға шақыру.<br>**(музыка)** | жетілдіру.<br>Балалар ересек адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді.<br>- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!)<br>- Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.)<br>- Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.)<br>- Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.)<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айтып жатады.<br>- Қандай аңға не береміз?<br>Дәмді коректі тереміз:<br>Қоянға - сәбізді,<br>Түлкіге кәмпитті,<br>Қасқырға болсын бауырсақ,<br>Тиінге - саңырауқұлақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Қ/о: "Аю жүрген орманда" ойыны. | Қ/о: "Допты қуып жет" | Қ/о: «Ақсерек көксерек»<br>. | Қ\о: Мысық пен тышқан» | Қ\о: Күн мен түн» |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын | | | | |

| | |
|---|---|
| | жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(аз қимылды, үстел үсті ойындары,**<br>**бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Табиғат бұрышын қарастыру. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат заттарының қасиеттерін (су, құм, тас) ойын арқылы түсіну (суды құю, төгу, шашу, құмды салу, шашу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау).<br>Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (жаңбыр, жел, күннің жарқырауы, қар).<br>Көгөністер (қызанақ, қияр, сәбіз) мен жемістердің (алма, алмұрт, шие, өрік)<br>сыртқы түрін тану және атауларын білу. Өсімдіктердің (ағаш, жапырақ, гүл) өзін немесе оларды суретінен тану және атау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Баланың қыңырлығы. Мұндай жағдайларда не істеу керек?», «Баланы өздігінен киінуге үйретудің маңызы », «Баланы көшеде қалай киіндіру керек». |